




Педагогтердің кәсіби жетістіктері мен марапаттары

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы тарапынан сараптамадан өткен авторлық бағдарлама



«БЕКТЕМІН»
Сараптамалық кеңес
торағасының орынбасары
З.Ә. Максұтова
Maxsumova
«31» наурыз 2026 ж.

Мектепке дейінгі, орта білім беру саласындағы авторлық материалға
ҚОРЫТЫНДЫ

Білім беру ұйымы: Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «А.Байтұрсынов атындағы №211 орта мектебі» КММ

Автор: Алимова Айжан Шорабековна, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Тақырыбы: «Сакралды мәтіндер». 10-11 сыныптарға арналған авторлық бағдарлама

Ұсынылған авторлық бағдарлама ұлттық құндылыққа сүйене отырып қазақ халқының мәдени-тарихи және қоғамдық құндылықтарды жинақтау бойынша білім беруіне қолдауға икемді. Жұмыста отандық, шетелдік әдіскер зерттеуші ғалымдар, педагог, психолог зерттеушілерінің зерттеу нәтижелері ескеріліп, оның тәжірибелері қарастырылған. Ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жүйеленген. Бағдарламада ұсынылған тақырыптар оқушылардың жас ерекшелігіне сай келеді. Жұмыс жасауда педагогикалық қағидалар мен талаптар дидактикалық принциптер негізге алынған. Бағдарлама бойынша ҚМЖ берілген және түзетулер енгізілген. Тақырыптар деңгейі оқу мақсатына сай және бағалау түрлері ұсынылған. Бағдарламаның нәтижелілігі жұмыс дәптері арқылы ұсынылып отыр. Бағдарламаның практикалық құндылығы зор. Нәтижесінде, автор тарапынан берілген ескертпелер мен ұсыныстар ескеріліп, тиісті түзетулер енгізілген, жұмыс мазмұны жүйеленіп, жетілдірілген.

Сараптамалық кеңес отырысының шешімімен: Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «А.Байтұрсынов атындағы №211 орта мектебі» КММ, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Алимова Айжан Шорабековна тарапынан әзірленген «Сакралды мәтіндер» тақырыбындағы 10-11 сыныптарға арналған авторлық бағдарлама республикалық деңгейде таратуға ұсынылды.

Бас сарапшы: Н.Ж. Аринев *Ariniev*
Хатшы: А.Т. Қадирова *Kadirova*

«Тіл білімі мектебі» жобасы аясында 10-11 сыныптарға арналған «Сакралды мәтіндер» авторлық бағдарламасы әзірленді. Оқушылардың рухани танымын кеңейтіп, мәтінді талдау дағдысын арттыратын бұл курс Оқу-ағарту министрлігінің сараптамасынан өтіп, республикалық деңгейде таратуға ұсынылды. Бұл – жобаның жоғары сапасы мен педагогикалық маңызының айқын көрсеткіші.



Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы тарапынан сараптамадан өткен авторлық бағдарлама



Абасилова Айман Жакановна



Нәтижелі еңбектің айқын көрінісі ретінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Абасилова Айман Жаханқызы әзірлеген 10-11-сыныптарға арналған “Ақыметтану” қолданбалы курсының авторлық бағдарламасы - ұлттық рухты жаңғыртып, ғылыми танымды тереңдетуге бағытталған құнды білім арнасы.

Мектептің вариативтік компоненті аясында енгізілген бұл курс оқушылардың әдеби-танымдық көкжиегін кеңейтіп, тарихи тұлғаларды тану арқылы рухани дамуына жол ашады.

Бағдарламада Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылық мұрасы терең талданып, оның ағартушылық идеялары арқылы оқушылардың ұлттық сана-сезімі мен ғылыми көзқарасы қалыптастырылады. Сонымен қатар мәтінді талдау, тарихи-танымдық деректермен жұмыс жасау және ойды жүйелі жеткізу дағдылары кешенді түрде дамиды.

Жоба аясында жүзеге асырылып жатқан “Тіл білімі мектебі” - тек тілдік қабілетті дамыту емес, ұлттық құндылықтарды терең меңгерген, ойы жүйелі, сөзі сауатты, танымы кең тұлға қалыптастыруға бағытталған заманауи білім кеңістігі.

Бұл бағытта тіл мәдениетін жетілдіру, әдеби-ғылыми ойлау жүйесін дамыту және рухани дүниені байыту мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Пәнаралық ықпалдастық пен заманауи әдіс-тәсілдер оқушылардың зерттеушілік қабілетін арттырып, білім сапасын жаңа деңгейге көтеруде.

Аталған авторлық бағдарлама Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі жанындағы Сараптамалық кеңесте қаралып, республикалық деңгейде таратуға ұсынылды. Бұл оның ғылыми-әдістемелік құндылығының жоғары бағаланғанын дәлелдейді.

”Тіл білімі мектебі” - білім мен тәрбиені ұштастыратын, тіл арқылы ұлт болмысын танытатын маңызды жоба.

Ал жоба аясында әзірленген “Ақыметтану” қолданбалы курсы - сол рухани-ғылыми ізденістің нақты нәтижесі.

Астана қаласы Республикалық педагогтер съезінің делегаты



Республикалық «Үздік авторлық бағдарлама – 2023»
байқауының қалалық, облыстық кезеңінен **I орын**.
Республикалық кезеңнің **II орын** иегері





Мизанбаева Роза Абитхановна



**Қазақстан Республикасы
Білім және Ғылым Министрлігі
Құрмет грамотасы**



**Тілге бойлау(Тіл білімі мектебі) жобасы
аясында ұйымдастырылған “Тілім барда
тірімін” атты әлеуметтік видеоролик
сайысында жүлделі ІІ орын иеленгені үшін**



**Қызылорда облысы әкімінің
Алғыс хаты**



**Тілге бойлау(Тіл білімі мектебі) жобасы аясында
ұйымдастырылған “Тілім барда тірімін” атты
әлеуметтік видеоролик сайысын жоғары деңгейде
ұйымдастырғаны үшін**



Маханбетова Акерке Танатовна

